«Кселлл» АҚ
Акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысында
БЕКІТІЛГЕН

Хаттама № 13 Күні: 29.05.2019 ж.

УТВЕРЖДЕНО
на Годовом Общем собрании
акционеров
АО «Кселлл»

Протокол № 13 Дата: 29 мая 2019 г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2012 ж. «17» 08 өткізілді
№ 1201-1910-06-АҚ(ИУ) куәлік
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
«17» 08 2012 г.
свидетельство № 1201-1910-06-АО(ИУ)
БСН/БИН 980540002879

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ 3228 БҰЙРЫҒЫ
2019 ж. «10» 06
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 3228
«10» 06 2019 г.

# «Кселлл» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

# УСТАВ Акционерного общества «Кселлл»

АРТҚЫ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМ. НА ОБОРОТЕ

**1. Жалпы ережелер.**

1. «Кселл» акционерлік қоғамының (бұдан әрі **«Қоғам»**) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан орнын, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да ережелерін белгілейді.

2. Қоғамның толық атауы:

Орыс тілінде:
Акционерное общество «Кселл»

Қазақ тілінде:
«Кселл» акционерлік қоғамы

Ағылшын тілінде:
Kcell Joint Stock Company

3. Қоғамның қысқартылған атауы:
Орыс тілінде: АО «Кселл»
Қазақ тілінде: «Кселл» АҚ
Ағылшын тілінде: Kcell JSC

4. Қоғамның орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Самал-2 ықшамауданы, 100-үй.

5. Қоғам атқарушы органының орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Самал-2 ықшамауданы, 100-үй.

6. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің мәртебесі – ірі кәсіпкерлік субъектісі.

**2. Қоғамның заңды мәртебесі**

7. Қоғам «GSM (Джи Эс Эм) Қазақстан ААҚ «Қазақтелеком» ЖШС қайта құру арқылы құрылған және оның құқықтық мұрагері болып табылады. Қоғам Қазақстан

**1. Общие положения**

1. Настоящий Устав акционерного общества «Кселл» (далее «**Общество**») определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование Общества:

На русском языке:
Акционерное общество «Кселл»

На казахском языке:
«Кселл» акционерлік қоғамы

На английском языке:
Kcell Joint Stock Company

3. Сокращенное наименование Общества:
На русском языке: АО «Кселл»
На казахском языке: «Кселл» АҚ
На английском языке: Kcell JSC

4. Местонахождение Общества: Республика Казахстан, г. Алматы, микрорайон Самал-2, д. 100.

5. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, г. Алматы, микрорайон Самал-2, д. 100.

6. Статус субъекта частного предпринимательства – субъект крупного предпринимательства.

**2. Юридический статус Общества**

7. Общество создано путем преобразования ТОО «GSM (Джи Эс Эм) Казахстан ОАО «Казахтелеком» и является его правопреемником. Общество является юридическим

Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алып, жүзеге асыра алады, міндеттемеге ие бола алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.

8. Қоғам акционерлердің мүддесі үшін кіріс алу басты мақсаты болып табылатын өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын коммерциялық ұйым болып табылады.

8. Общество является коммерческой организацией, выпускающей акции с целью привлечения средств для осуществления своей деятельности, имеющей основной своей целью извлечение дохода в интересах акционеров.

9. Қоғамның мөрі, өз атауы бар бланкілері және қызметін жүзеге асыру үшін басқа да қажетті деректемелері бар.

9. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

10. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын (бұдан әрі **«Заң»**), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

10. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее «**Закон**»), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, кодексом корпоративного управления Общества, а также настоящим Уставом.

11. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

11. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах других юридических лиц.

12. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Қоғам оның орналасқан орнынан тыс жерлерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғам атынан және тапсырмасы бойынша осындай филиалдар (өкілдіктер) туралы ережелердің

12. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по

негізінде әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

поручению Общества на основании положений о таких филиалах (представительствах).

**3. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі**

**3. Ответственность Общества и акционеров**

13. Қоғам өз мүлкінің шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты болады.

13. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

14. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Акционерлер Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығын тәуекеліне ие.

14. Общество не несет ответственность по обязательствам своих акционеров. Акционеры не отвечают по обязательствам Общества и несут риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

15. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

15. Общество не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по обязательствам Общества.

**4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері**

**4. Основные виды деятельности Общества**

16. Қоғам келесі қызметтердің түрлерін көрсету бойынша қызметті жүзеге асырады:

1) байланыс қызметтері, соның ішінде Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген стандарттардағы ұялы байланыс қызметтері;
2) қосымша қызметтер, соның ішінде конференция байланысы, сөйлеу почтасы, қоңырауларды күту, қоңырауларды бағыттау, қоңырауларды бұғаттау, қоңырауларды селективті

16. Общество осуществляет деятельность по предоставлению следующих видов услуг:

1) услуги связи, в том числе услуги сотовой связи стандартов, допустимых к использованию в Республике Казахстан;
2) дополнительные услуги, в том числе конференцсвязь, речевая почта, ожидание сообщений, ожидание вызовов, направление вызовов, блокировка вызовов, селективный прием вызовов,

| | |
|---|---|
| қабылдау, қоңырау шалушы абоненттерді сәйкестендіру, қоңырауларды електен өткізу, жылдам қоңырау шалу, қоңырауды кері шақыру нөмірін теру, деректер банкі қызметтері, бейнеконференциялар өткізу, интерактивтік ақпарат құралдары қызметтері, «клиент сервер» сияқты жүйелерді пайдалану және жалпыға ортақ телекоммуникация желісі немесе жеке телекоммуникациялық жүйелер арқылы көрсетілетін басқа да қызметтер; | идентификация вызывающих абонентов, отсеивание вызовов, быстрый вызов, набор номера с обратным вызовом, услуги банка данных, проведение видеоконференций, услуги интерактивных средств информации, использование систем типа «клиент сервер» и прочие услуги, которые можно оказать через сеть телекоммуникаций общего пользования или частные системы телекоммуникаций; |
| 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте операторлар арқылы барлық ақпараттық-анықтамалық қызметтердің және қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерінің, сондай-ақ шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт, авариялық, анықтамалық және басқа қызметтермен тегін қосу қызметтерінің түрлері; | 3) все виды информационно-справочных услуг и услуг междугородной и международной связи через операторов, а также бесплатных соединений с экстренной медицинской, правоохранительной, пожарной, аварийной, справочной и другими службами в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан; |
| 4) бағдарламалық өнімдерді, жабдықтарды, консалтингтік қызметтерді жеткізу қамтылған ақпараттық технологиялар саласындағы қызметтер, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді енгізу және сервистік қызмет көрсету бойынша қызметтер; | 4) услуги в сфере информационных технологий, включающих поставку программных продуктов, оборудования, консалтинговых услуг, а также услуги по внедрению и сервисному обслуживанию информационных систем; |
| 5) жоғары технологиялық байланыс қызметтері: | 5) высокотехнологичные услуги связи: |
| a) интеллектуалды байланыс желісі, кадрларды қайта көрсету қызметтері; | a) интеллектуальная сеть связи, услуги с ретрансляцией кадров; |
| b) Интернетке коммутациялық қолжетімділік; | b) коммутируемый доступ в Интернет |
| c) бөлінген арналар арқылы Интернетке қолжетімділік; | c) доступ в Интернет по выделенным каналам |

d) мөлдір цифрлық арналарды ұйымдастыру;
e) VPDN (жеке коммутациялық виртуалды желілер);
f) бейнеконференция байланысы;
g) өзге жоғары технологиялық байланыс қызметтері.

d) организация прозрачных цифровых каналов
e) VPDN (частные коммутируемые виртуальные сети)
f) видеоконференцсвязь
g) иные высокотехнологичные услуги связи

6) IT-аутсорсинг қызметтерін қоса, ақпараттық технологиялар және ақпараттық жүйелер саласындағы қызметтің басқа түрлері;

6) другие виды деятельности в области информационных технологий и информационных систем, включая услуги IT – аутсорсинга;

7) телекоммуникациялық қызметтердің өзге түрлері.

7) прочие виды телекоммуникационных услуг.

17. Қоғам телекоммуникация саласында келесі технологиялық қызметті жүзеге асырады:

1) инновациялық қызмет;
2) байланыс арналары арқылы ақпараттың барлық түрлерін үздіксіз беруді ұйымдастыру, жұмыс сенімділігі мен сапасын арттыру және телекоммуникация желілерін тиімді пайдалану;
3) Қоғамның телекоммуникация желілерін дамыту және жаңғырту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
4) оңтайлы таратуды, артықшылықты бөлуді, сондай-ақ байланыс қызметтерін пайдаланушылардың мүддесі үшін жолдар мен желілерді резервтеуді қамтамасыз ету;
5) Қоғамның телекоммуникация желілерін қалыптастыру;
6) Қоғамның телекоммуникация желілері жұмысының сапасы туралы ақпаратты жинау және талдау;
7) телекоммуникация құралдарын пайдалануды жетілдіру;
8) ақпараттық жүйелер мен

17. Общество осуществляет следующую технологическую деятельность в сфере телекоммуникаций:

1) инновационная деятельность;
2) организация бесперебойной передачи всех видов информации по каналам связи, повышение надежности и качества работы и эффективное использование сетей телекоммуникаций;
3) организация работ по развитию и модернизации телекоммуникационных сетей Общества;
4) обеспечение рационального распределения, преимущественного выделения, а также резервирования трактов и каналов сети в интересах пользователей услуг связи;
5) формирование сетей телекоммуникаций Общества;
6) сбор и анализ информации о качестве работы сетей телекоммуникаций Общества;
7) совершенствование эксплуатации средств телекоммуникаций;
8) информационно-

дерекқорларды қолдау арқылы ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету.

18. Қоғам басқа да қызмет түрлерін жүзеге асырады, атап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам үшін рұқсат етілген сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;
2) сауда және сатып алу, делдалдық және коммерциялық қызмет;
3) менеджмент және маркетинг;
4) Қоғам үшін тыйым салынбаған ақпараттық, сервистік және басқа қызметтерді көрсету;
5) Қоғамның телекоммуникация желілерін дамытуда Қоғамның және басқа да заңды және жеке тұлғалардың, оның ішінде шетелдік қаржылық ресурстарды жұмылдыру және жинақтау;
6) ішкі және сыртқы нарықтарда Қоғамның бағалы қағаздарын шығару және сату;
7) Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін алдыңғы қатарлы технологияларды, бірлескен өндірістерді құру мақсатында басқа заңды тұлғалардың қызметіне өз қаражаты есебінен қатысу;
8) еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
9) телекоммуникация құралдарына сервистік қызмет көрсету жүйесін құру;
10) құрылымдық бөлімшелерді материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
11) белгіленген ережелер мен нормаларға сәйкес

методологическое обеспечение с сопровождением информационных систем и базы данных.

18. Общество осуществляет иную деятельность, а именно:

1) ведение разрешенной для Общества внешнеэкономической деятельности в установленном законодательством Республики Казахстан порядке;
2) торгово-закупочная, посредническая и коммерческая деятельность;
3) менеджмент и маркетинг;
4) оказание информационных, сервисных и других, не запрещенных для Общества услуг;
5) мобилизация и аккумулирование финансовых средств Общества и иных юридических, и физических лиц, в том числе и иностранных, в развитие сети телекоммуникаций Общества;
6) выпуск и реализация ценных бумаг Общества на внутреннем и внешнем рынках;
7) участие собственными средствами в деятельности других юридических лиц в целях создания передовых технологий, совместных производств для реализации целей деятельности Общества;
8) организация работ по охране труда и технике безопасности;
9) создание системы сервисного обслуживания средств телекоммуникаций;
10) организация материально-технического обеспечения структурных подразделений;
11) обеспечение содержания зданий, сооружений,

ғимараттардың, құрылыстардың, технологиялық және арнайы көліктердің, механизмдердің, энергетикалық жабдықтардың сақталуын қамтамасыз ету;

12) қабылданған бағдарламаларға сәйкес Қоғам қызметкерлерін кәсіби дайындаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың тиімді жүйесін енгізу;

13) серіктестерді іздестіру және олармен Қоғам мүддесінде шарттар жасасу;

14) Қоғамның мүлкін басқару, мүдделерді сақтау және меншік құқығын қорғау бойынша шараларды іске асыру;

15) меншікті өндіріс қажеттіліктеріне арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қызмет.

19. Жарғының осы бабында көрсетілген Қоғам қызметінің барлық түрлері Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында, сондай-ақ тиісті лицензиялар және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары өкілеттік ететін рұқсаттар, сертификаттар және т.б. негізінде жүзеге асырылады.

технологического и специального транспорта, механизмов, энергетического оборудования в соответствии с установленными правилами и нормами;

12) внедрение эффективной системы профессиональной подготовки, переподготовки и повышения квалификации кадров Общества в соответствии с принятыми программами;

13) поиск партнеров и заключение с ними в интересах Общества договоров;

14) управление недвижимостью Общества, реализация мер по соблюдению интересов и защите имущественных прав;

15) разработка программного обеспечения для собственных производственных нужд;

16) иная деятельность, не противоречащая законодательству Республики Казахстан.

19. Все указанные в настоящей статье Устава виды деятельности Общества осуществляются в рамках законодательства Республики Казахстан, а также на основании соответствующих лицензий и иных, в случае необходимости, разрешений, сертификатов, допусков и т.д. уполномоченных на то государственных органов Республики Казахстан.

## 5. Қоғам акционерлерінің құқықтары

20. Қоғам акционерлері:

1) Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) өз бетімен немесе басқа

## 5. Права акционеров Общества

20. Акционер Общества имеет право:

1) участвовать в управлении Обществом в порядке, предусмотренном Законом и (или) Уставом;

2) при владении самостоятельно или

акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызына ие болғанда, Заңға сәйкес Директорлар Кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер қосуды ұсынуға;

3) дивидендтер алуға;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен (бұдан әрі «Жалпы жиналыс») немесе Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

5) Орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

6) Жалпы жиналысқа Қоғамның директорлар кеңесіне (бұдан әрі **«Директорлар кеңесі»**) сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

7) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен шағымдануға;

8) Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленген жағдайда, Заңда көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу

в совокупности с другими акционерами 5 (пятью) и более процентами голосующих акций Общества предлагать Совету директоров включить дополнительные вопросы в повестку дня общего собрания акционеров в соответствии с Законом;

3) получать дивиденды;

4) получать информацию о деятельности Общества, в том числе знакомиться с финансовой отчетностью Общества, в порядке, определенном общим собранием акционеров Общества (далее «Общее собрание») или Уставом;

5) получать выписки от центрального депозитария или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги;

6) предлагать Общему собранию кандидатуры для избрания в совет директоров Общества (далее «**Совет директоров**»);

7) оспаривать в судебном порядке принятые органами Общества решения;

8) при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами 5 (пятью) и более процентами голосующих акций Общества обращаться в судебные органы от своего имени в случаях, предусмотренных Законом, с требованием о возмещении Обществу должностными лицами Общества убытков, причиненных Обществу, и возврате Обществу должностными лицами Общества и (или) их аффилиированными лицами прибыли (дохода), полученной ими в результате принятия решений о заключении

(жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде негізделген жауаптар алуға;

10) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алуға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

12) Жалпы жиналыстың Заңда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға;

13) Заңға және осы Жарғыға сәйкес қосымша құқықтарды иеленуге құқылы.

21. Ірі акционердің (бір-бірімнен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының 10 (он) және одан да көп пайызы тиесілі акционер немесе бірнеше акционер) сондай-ақ төмендегідей қосымша құқықтары бар:

1) Кезектен тыс жалпы жиналысты шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Жалпы

(предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность;

9) обращаться в Общество с письменными запросами о его деятельности и получать мотивированные ответы в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты поступления запроса в Общество;

10) получать часть имущества при ликвидации Общества;

11) иметь право преимущественной покупки акций или других ценных бумаг Общества, конвертируемых в его акции, в порядке, установленном Законом, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан;

12) участвовать в принятии Общим собранием решения об изменении количества акций Общества или изменении их вида в порядке, предусмотренным Законом;

13) иметь дополнительные права в соответствии с Законом и настоящим Уставом.

21. Крупный акционер (акционер или несколько акционеров, действующих на основании заключенного между ними соглашения, которому (которым в совокупности) принадлежат 10 (десять) и более процентов голосующих акций Общества) также имеет следующие дополнительные права:

1) требовать созыва внеочередного Общего собрания или обращаться в суд с иском о его созыве в

жиналысты шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгіну;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
3) аудиторлық ұйымның акционердің есебінен Қоғам аудитін жүргізуін талап ету.

22. Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

1) Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың осы мүшесінің өзі (өздері) не оның аффилирленген тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғамның акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;
2) егер Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.

случае отказа Совета директоров в созыве Общего собрания;

2) требовать созыва заседания Совета директоров;
3) требовать проведения аудиторской организацией аудита Общества за счет акционера.

22. Акционеры, владеющие самостоятельно или в совокупности с другими акционерами 5 (пятью) и более процентами голосующих акций Общества, вправе получить информацию о размере вознаграждения по итогам года отдельного члена Совета директоров и (или) Правления при одновременном наличии следующих условий:

1) установление судом факта умышленного введения в заблуждение акционеров Общества данным членом Совета директоров и (или) Правления с целью получения им (ими) либо его аффилированными лицами прибыли (дохода);
2) если будет доказано, что недобросовестные действия и (или) бездействие данного члена Совета директоров и (или) Правления повлекли возникновение убытков Общества.

**6. Акциялар және басқа да бағалы қағаздар. Бағалы қағаздарды орналастыру шарттары**

23. Қоғам жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

24. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру

**6. Акции и другие ценные бумаги. Условия размещения ценных бумаг**

23. Общество вправе выпускать простые или простые и привилегированные акции. Акции выпускаются в бездокументарной форме.

24. Простая акция представляет ее владельцу право на участие в Общем собрании с правом голоса при

| | |
|---|---|
| құқығымен Жалпы жиналысқа қатысу құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер (Жалпы жиналыстың сәйкес шешімі болған жағдайда), сондай-ақ Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді. | решении всех вопросов, выносимых на голосование, право на получение дивидендов при наличии у Общества чистого дохода (на основании соответствующего решения Общего собрания), а также части имущества Общества при его ликвидации в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. |
| 25. Акцияларды шығару, орналастыру және айналымға шығару шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен анықталады. | 25. Условия и порядок выпуска, размещения и обращения акций устанавливаются проспектом выпуска акций. |
| 26. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айырбасталатын бағалы қағаздарды, облигацияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. | 26. Общество вправе выпускать конвертируемые ценные бумаги, облигации и иные ценные бумаги в соответствии с законодательством Республики Казахстан. |
| 27. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін Қоғам акцияларының басқа түріне айырбастауды жүзеге асыруға құқылы. | 27. Общество вправе осуществить обмен размещенных акций Общества одного вида на акции Общества другого вида в соответствии с законодательством Республики Казахстан. |
| **7. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер** | **7. Порядок распределения чистого дохода. Дивиденды по акциям** |
| 28. Қоғамның таза табысы (салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлегеннен кейін) Қоғам жиналысының дивидендтер төлеу туралы, Қоғамның дамуына және басқа да мақсаттарға пайдалану туралы тиісті шешіміне сәйкес бөлінуге жатады. | 28. Чистый доход Общества (после уплаты налогов и других обязательных платежей в бюджет) подлежит распределению согласно соответствующему решению Общего собрания о выплате дивидендов, об использовании на развитие Общества или иные цели. |
| Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер Қоғамның тиісті мерзімдегі қаржылық есептілік аудитін өткізгеннен кейін және Жалпы жиналыс дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған соң жылдық, жартыжылдық және | Дивиденды по простым акциям Общества могут выплачиваться по итогам года, полугода и (или) квартала после проведения аудита финансовой отчетности Общества за соответствующий период и принятия решения о выплате дивидендов |

(немесе) тоқсандық қорытындысы бойынша төленеді. Егер дивидендтерді төлеу Жалпы жиналыс шешіміне сәйкес жарияланатын болса, мұндай дивидендтер Заңда белгіленген тәртіпте төленуі тиіс.

Общим собранием. Если выплата дивидендов объявлена согласно решению Общего собрания, то такие дивиденды должны быть выплачены в порядке, установленном Законом.

29. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялары бойынша, сондай-ақ егер сот немесе акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

29. Дивиденды не начисляются и не выплачиваются по акциям, которые не были размещены или были выкуплены самим Обществом, а также, если судом или общим Собранием акционеров принято решение о ликвидации Общества.

**8. Қоғамның органдары**

30. Қоғамның органдары:

1) жоғарғы орган - Акционерлердің жалпы жиналысы (бұдан әрі «**Жалпы жиналыс**»);
2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
3) атқару органы - Басқарма;
4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласында бағалауды, сондай-ақ Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын орган - ішкі аудит қызметі болып табылады.

**8. Органы Общества**

30. Органами Общества являются:

1) высший орган - Общее собрание акционеров (далее **«Общее собрание»**);
2) орган управления - Совет директоров;
3) исполнительный орган - Правление;
4) орган осуществляющий контроль за финансово-хозяйственной деятельностью Общества, оценку в области внутреннего контроля, управления рисками, а также консультирование в целях совершенствования деятельности Общества - служба внутреннего аудита.

**9. Жалпы жиналыс**

31. Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін

**9. Общее собрание**

31. К исключительной компетенции Общего собрания относятся следующие вопросы:

1) внесение изменений и дополнений в Устав Общества или утверждение его в новой редакции;
2) утверждение кодекса корпоративного управления, а

| | |
|---|---|
| өзгерістер мен толықтыруларды бекіту; | также изменений и дополнений в него; |
| 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату; | 3) добровольная реорганизация или ликвидация Общества; |
| 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау; | 4) принятие решения об увеличении количества объявленных акций Общества или изменении вида неразмещенных объявленных акций Общества; |
| 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін белгілеу; | 5) определение условий и порядка конвертирования ценных бумаг Общества, а также их изменение; |
| 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау; | 6) принятие решения о выпуске ценных бумаг, конвертируемых в простые акции общества; |
| 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттарын, мерзімі мен тәртібін белгілеу; | 7) принятие решения об обмене размещенных акций одного вида на акции другого вида, определение условий, сроков и порядка такого обмена; |
| 8) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; | 8) определение количественного состава и срока полномочий счетной комиссии, избрание ее членов и досрочное прекращение их полномочий; |
| 9) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын белгілеу; | 9) определение количественного состава, срока полномочий Совета директоров, избрание его членов и досрочное прекращение их полномочий, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений и компенсации расходов членам Совета директоров за исполнение ими своих обязанностей; |
| 10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу; | 10) определение аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества; |
| 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту; | 11) утверждение годовой финансовой отчетности; |
| 12) Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу | 12) утверждение порядка распределения чистого дохода |

| | |
|---|---|
| тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту; | Общества за отчетный финансовый год, принятие решения о выплате дивидендов по простым акциям и утверждение размера дивиденда в расчете на одну простую акцию Общества; |
| 13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау; | 13) принятие решения о невыплате дивидендов по простым акциям Общества; |
| 14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау; | 14) принятие решения о добровольном делистинге акций Общества; |
| 15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы; | 15) принятие решения об участии Общества в создании или деятельности иных юридических лиц, либо выходе из состава участников (акционеров) иных юридических лиц путем передачи (получения) части или нескольких частей активов, в сумме составляющих 25 (двадцать пять) и более процентов от всех принадлежащих Обществу активов; |
| 16) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу; | 16) определение формы извещения Обществом акционеров о созыве Общего собрания акционеров; |
| 17) Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын анықтау әдістемесіне (егер әдістемені құрылтай жиналысы бекітпесе, оны бекіту) өзгерістерді бекіту; | 17) утверждение изменений в методику (утверждение методики, если она не была утверждена учредительным собранием) определения стоимости акций при их выкупе Обществом на неорганизованном рынке в соответствии с Законом; |
| 18) Жалпы жиналыстың күн тәртібін бекіту; | 18) утверждение повестки дня Общего собрания; |
| 19) акционерлерге, егер мұндай тәртіп Жарғыда айқындалмаған болса, Қоғам қызметі туралы | 19) определение порядка предоставления акционерам информации о деятельности |

| | |
|---|---|
| ақпарат беру тәртібін айқындау; | Общества, если такой порядок не определен Уставом; |
| 20) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою; | 20) введение и аннулирование «золотой акции»; |
| 21) нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы; | 21) принятие решения о заключении Обществом крупной сделки, в результате которой (которых) обществом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет 50 (пятьдесят) и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Общества на дату принятия решения о сделке, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) 50 (пятьдесят) и более процентов от общего размера балансовой стоимости его активов; |
| 22) Қоғамның дивидендтік саясатын бекіту; | 22) утверждение дивидендной политики Общества; |
| 23) шешім қабылдау осы Заңда және (немесе) Жарғыда Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер. | 23) иные вопросы, принятие решений по которым отнесено Законом и (или) Уставом к исключительной компетенции Общего собрания. |
| Жоғарыдағы (2)-(4) және (17) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша жалпы жиналыстың шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен (3/4 кем емес) қабылданады. | Решения Общего собрания по вопросам, указанным в подпунктах (2)-(4) и (17) выше принимаются квалифицированным большинством (не менее 3/4) от общего числа голосующих акций Общества. |
| 32. Егер Заңда және (немесе) Қоғам жарғысында өзгеше белгіленбесе, Жалпы жиналыстың өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. | 32. Решения Общего собрания по иным вопросам принимаются простым большинством голосов от общего числа голосующих акций Общества, участвующих в голосовании, если Законом и (или) Уставом Общества не установлено иное. |
| 33. Жылдық жалпы жиналысты Директорлар кеңесі шақырады. | 33. Годовое Общее собрание созывается Советом директоров. |

Кезектен тыс жалпы жиналыс:

1) Директорлар кеңесінің;
2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Внеочередное Общее собрание созывается по инициативе:

1) Совета директоров;
2) крупного акционера.

Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғамның кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Внеочередное Общее собрание общества, находящегося в процессе добровольной ликвидации, может быть созвано, подготовлено и проведено ликвидационной комиссией Общества.

34. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:
1) Басқарма;
2) Қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;
3) Директорлар кеңесі; немесе
4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

34. Подготовка и проведение Общего собрания осуществляются:
1) Правлением;
2) центральным депозитарием в соответствии с заключенным Обществом договором;
3) Советом директоров; или
4) ликвидационной комиссией Общества.

Осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Жалпы жиналысты шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді.

Расходы по созыву, подготовке и проведению Общего собрания несет Общество, за исключением случаев, установленных Законом.

35. Акционерлерге алда Жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын, ал өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерді хабардар ету үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік 45 (қырық бес) күн бұрын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жариялау немесе оны акционерлерге жіберу арқылы хабарлануға тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.

35. Извещение акционеров о предстоящем проведении Общего собрания осуществляется не позднее, чем за 30 (тридцать) календарных дней, а в случае заочного или смешанного голосования, при проведении которых для извещения одного или более акционеров используются средства почтовой связи - не позднее, чем за 45 (сорок пять) календарных дней до даты проведения Общего собрания, путем опубликования извещения на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности и на корпоративном веб-сайте Общества, либо направления его акционерам. Если количество акционеров Общества не превышает пятидесяти

акционеров, извещение должно быть доведено до сведения акционера посредством направления ему письменного извещения.

36. Жалпы жиналыс ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте рәсімделген, Жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

36. До открытия Общего собрания проводится регистрация прибывших акционеров (представителей акционеров). Представитель акционера должен предъявить доверенность, подтверждающую его полномочия на участие и голосование на Общем собрании, оформленную в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Акционер (представитель акционера), не прошедший регистрацию, не учитывается при определении кворума и не вправе принимать участие в голосовании.

Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Жалпы жиналыстың кворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

При определении кворума Общего собрания, решения которого принимаются посредством смешанного голосования, учитываются бюллетени акционеров (представителей акционеров), проголосовавших заочно.

37. Егер Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (Жалпы жиналысты сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп пайызын иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, Жалпы жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

37. Общее собрание вправе рассматривать и принимать решения по вопросам повестки дня, если на момент окончания регистрации участников Общего собрания (на дату предоставления всех бюллетеней, либо на дату окончания срока предоставления бюллетеней при проведении Общего собрания посредством заочного голосования) зарегистрированы акционеры или их представители, включенные в список акционеров Общества, имеющих право принимать участие и голосовать на Общем собрании, владеющие в совокупности 50 (пятьюдесятью) и более процентами

голосующих акций Общества.

38. Жалпы жиналыс кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.

38. Общее собрание открывается в объявленное время при наличии кворума. Общее собрание не может быть открыто ранее объявленного времени, за исключением случая, когда все акционеры (их представители) уже зарегистрированы, уведомлены и не возражают против изменения времени открытия собрания.

39. Жалпы жиналыс Жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды.

Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы Басқармаға кіретін жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелері Жалпы жиналыста төрағалық ете алмайды.

39. Общее собрание проводит выборы председателя (президиума) и секретаря Общего собрания.

Члены Правления не могут председательствовать на Общем собрании, за исключением случаев, когда все присутствующие на собрании акционеры входят в Правление.

40. Қоғамның органдары жылдық Жалпы жиналысты шақырудың Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, жылдық Жалпы жиналыс кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер Қоғам органдары Жалпы жиналысты өткізу туралы Қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, Қоғамның кезектен тыс Жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

40. Годовое Общее собрание может быть созвано и проведено на основании решения суда, принятого по иску любого заинтересованного лица, в случае нарушения органами Общества порядка созыва годового Общего собрания, установленного Законом.

Внеочередное Общее собрание Общества может быть созвано и проведено на основании решения суда, принятого по иску крупного акционера Общества, если органы Общества не исполнили его требование о проведении внеочередного Общего собрания.

41. Кез келген тұлға сәйкес Жалпы жиналыс төрағасының рұқсатын алғаннан кейін тиісті Жалпы жиналыста сөз сөйлеуге рұқсаты болған жағдайда ғана, оған қатысуға құқылы. Бұл ереже акционерлерге қажетті ақпаратты және Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі

41. Любое лицо вправе присутствовать на Общем собрании при условии, что такое лицо может выступать на соответствующем Общем собрании только после получения разрешения председателя такого Общего собрания. Данное правило не распространяется на

қосымша материалдарды беру мақсатында Жалпы жиналыстың жұмысына қатысатын Қоғам жұмыскерлеріне қатысты қолданылмайды.

работников Общества, принимающих участие в работе Общего собрания с целью предоставления акционерам необходимой информации и дополнительных материалов повестки дня Общего собрания.

42. Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелері бойынша дауыс беру нәтижелері немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлер назарына Жалпы жиналыс шешім қабылдаған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай нәтижелерді қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарииінің интернет-ресурсында жариялау арқылы жеткізілуі тиіс.

42. Итоги голосования по вопросам повестки дня Общего собрания или итоги заочного голосования доводятся до сведения акционеров посредством опубликования их на казахском и русском языках на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности, в течение 10 (десяти) рабочих дней после даты принятия решения Общего собрания.

**10. Директорлар кеңесі**

43. Осы Заңда және (немесе) Жарғыда Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

44. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің (дамуының) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясын) айқындау, олардың жүзеге асуына монитогринг жүргізу, сондай-ақ Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) осындай саясаттар не басқа құжаттар Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жататын жағдайларды қоспағанда, Қоғамның саясаттарын немесе Қоғам қызметінің негізгі мәселелері бойынша өзге де ішкі

**10. Совет директоров**

43. Совет директоров осуществляет общее руководство деятельностью Общества, за исключением принятия решений по вопросам, отнесенным Законом и (или) Уставом к исключительной компетенции Общего собрания.

44. К исключительной компетенции Совета директоров относятся следующие вопросы:

1) определение приоритетных направлений деятельности (развития), стратегических целей (стратегии развития) Общества, мониторинг их реализации, а также утверждение плана развития Общества;

2) утверждение политик Общества или иных внутренних документов по ключевым вопросам деятельности Общества, за исключением случаев, когда такие политики или иные документы относятся к компетенции других

құжаттарын бекіту;

3) жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыстарды шақыру туралы шешім қабылдау;

4) Заңның талаптарын сақтай отырып, орналастыру (сату) туралы, соның ішінде жарияланған акциялар санының шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды сатып алуы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

7) Қоғамның жылдық есебін алдын ала бекіту;

8) Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамын қалыптастыру және анықтау, оның мүшелерін сайлау, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту;

9) Қоғамның облигациялары мен туынды құнды қағаздарын шығару талаптарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

10) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

11) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

органов Общества;

3) принятие решения о созыве годового и внеочередного Общего собраний;

4) принятие решения о размещении (реализации), в том числе о количестве размещаемых (реализуемых) акций в пределах количества объявленных акций, способе и цене их размещения (реализации), с соблюдением требований Закона;

5) принятие решения о выкупе Обществом размещенных акций или других ценных бумаг и цене их выкупа;

6) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Общества;

7) предварительное утверждение годового отчета Общества;

8) создание и определение составов комитетов Совета директоров, избрание его членов, утверждение положений о комитетах Совета директоров;

9) определение условий выпуска облигаций и производных ценных бумаг Общества, а также принятие решения об их выпуске;

10) определение количественного состава, срока полномочий членов Правления Общества, избрание Председателя и членов Правления, а также досрочное прекращение их полномочий;

11) определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда и премирования Председателя и членов Правления;

| | |
|---|---|
| 12) Қоғам Басқармасы туралы ережені бекіту; | 12) утверждение Положения о Правлении Общества; |
| 13) Басқарма Төрағасымен және мүшелерімен жасалған үлгілік еңбек шарттарының нысандарын бекіту; | 13) утверждение форм типовых трудовых договоров заключаемых с Председателем и членами Правления; |
| 14) Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғам Басқармасының мүшелері мен басқа да қызметкерлерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту; | 14) утверждение программ планирования преемственности членов Правления и иных работников Общества в соответствии с перечнем, утвержденным Советом директоров; |
| 15) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту; | 15) определение количественного состава, срока полномочий службы внутреннего аудита, назначение его руководителя и членов, а также досрочное прекращение их полномочий, определение порядка работы службы внутреннего аудита, размера и условий оплаты труда и премирования работников службы внутреннего аудита, а также утверждения Положения о службе внутреннего аудита; |
| 16) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, сондай-ақ Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту; | 16) назначение, определение срока полномочий корпоративного секретаря, досрочное прекращение его полномочий, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения корпоративного секретаря, а также утверждение Положения о корпоративном секретаре; |
| 17) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау; | 17) определение размера оплаты услуг аудиторской организации за аудит финансовой отчетности, а также оценщика по оценке рыночной стоимости имущества, переданного в оплату акций общества либо являющегося предметом крупной сделки; |

| | |
|---|---|
